

Бекітетін
б/бақын мен сұрасты
Г.Т.Иоранова



ЖАҢА ЖЫЛ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ЖАҢА ЖЫЛДА АЛҒА ҚОҒАН МАҚСАТТАРЫҢЫЗ
ОҒЫНДАПЫЗ,
ҰРЫСТАРЫҢЫЗ КҮП БОЛСЫН!

28.12.2023ж

Қайырлы күн құрметті ата-аналар, балалар, бала-бақша қызметкерлері.
Сіздерді жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Дендеріңізге саулық,
Өмірлеріңізге шаттық, отбасыларыңызға амандық тілейміз.

Келді міне жаңа жыл ортамызға,
Құт береке әкелсін баршамызға.
Аңсаған арманыңыз орындалып,
Өміріңіз бақатпен толсын нұрға.

Құрметті ата-аналар қонақтар жаңа жыл мерекесіне арналған
«Ғажайып жаңа жыл» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.
Ересек «Еркетай» тобын қарсы алыңыздар!

Мерекелік: Флешмоб

Қоян мен Түлкі кіріп шыршаны көріп таң қалады.

Тәрбиеші: Сәлеметсіңбе Түлкіжан Қоян

Түлкі імен Қоян: қарашы қонақтар келіпті, Қане сәлемдесейік.

Қоян қымбатты ата-аналар мен қонақтар, сіздерді жаңа жыл мерекесімен
құттықтаймыз.

Түлкі: құрметті ата-аналар, бала бақша ұжымы сіздерді кіріп келген
ұлу жылымен құттықтаймыз.

Қоян: Балалар қарандаршы шыршаның қандай әдемі екенін.
шыршамызға не жетіспей тұр?

Балалар: Шыршаның шамдары жанбай тұр.

Түлкі: Олай болса балалар шыршамыздың шамын жағайық.

Тәрбиеші: Тауда туып, тауда өскен.

- Шырша келді ортаға,
 - Бәріміз бір дауыспен.
- Дейміз енді шыршаға.

Балалар: Қуант бізді таңырқат,
Шамдарыңды жарқырат.

Тәрбиеші: Қандай әсем шыршамыз,
Ән шырқайық бәріміз.

Ән: «Жаңа жыл»

Тәрбиеші: Ал енді мерекеге арналған тақпақтарымызды айтып берейік
Азамат

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,
Бақыт шаттық, молшылық әкелсін.
Бәрімізге мына жылы арайлы.

Айғаным

Жаңа жылым мол болсын.
Басқан қадам оң болсын,
Төрле-төрле жаңа жыл.
Бізге құтты жыл болсын.

Арсланхан

Дала нұр, қала нұр,
Құтты болсын болсын жаңа жыл
Жасыл шырша жанында.

Билеп барлық бала жүр.

Тәрбиеші: Балалар Аяз атамен Қарша қыз кешіктіғой, кәне бәріміз бірге дауыстап қонақтарымызды шақырайық.

Балалар: Аяз ата, Қарша қыз

Біз сіздерді сағындық.

Асыға күттік қаншама.

(Сықырлаған дыбыс естіледі)

Қарша қыз: Қараңыз мына шыршаға.

Неткен әсем көрікті.

Қарша қыз: Аяз атаны көрмедіңіздерме?

Балалар: Жооқ көрмедік.

Тәрбиеші: Балалар мерекеге тағы бір қонағымыз асығып келе Жатқан сияқты. Бұл кім болды екен? Аяз ата шығар (Залға қасқыр

Сәлеметсіңдерме балалар мен сендерге хат алып келдім.

Тәрбиеші: Хат кімнен екен?

Қасқыр: Ойланып көріңдерші кім келеді. Жаңа жылда кім сыйлық береді.

Балалар: Аяз ата.

Қасқыр: Жарайсындар қандай тапқыр балаларсындар.

(Хатты оқиды).....

Балалар Аяз ата сендерді құттықтап кәзір мерекелеріңе келмекші.

Қасқыр: Түлкі қоян келіндер, Аяз ата келгенше бір билейік,
қыздырайық.

Жүргізуші: Аяз ата келгенше жағымды жаңалық жеткізген

Тақпақ айтып берейік.

Іңкәр

Әдемілеп біз ілген.

Ойыншықтар тізілген,

Қаншай жақсы шыршамыз.

Ән шырқайық баршамыз.

Ұлдана

Тамаша-тамаша,

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Алау

Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты баршаны

Той маскарад басталды,

Аяз оны басқарды.

Аяулым

Қала нұр,

Дала нұр.

Құтты болсын,

Жаңа жыл!

(Сықырлаған дауыс шығады, кім келе жатыр екен?)

Тәрбиеші: Кәне балалар мерекеге кім келе жатыр білесіндерме?

Балалар Аяз атааа.

Тәрбиеші: ия жарайсындар. Аяз атаны ортаға шақырайық.

Балалар: Аяз ата келіңіз,

Бізге сыйлық беріңіз.

Аяз ата кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе, Аяз ата сәл отырып дем алыңыз, келгеніңі қандай жақсы болды.

Мардан

Сақалы аппақ күмістей

Тістері апақ күріштей,

Қызыл ала шапаны,

Сағындым аяз атаны.

К Әдемай

Ақ қырауға малынған,

Сақалыда мұртыда.

Аяз ата сағынған,

Сәлем берді жұртына.

Би: Жұлдыз биі

Қоян: Сағат тілі соғады. Ескі жыл кіреді.

(Ескі жыл шығып)

(жаңа жыл кіреді)

Сырғалым

Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Билеп барлық бала жүр.

Аслан

Күлімдесін күніміз,
Жалындасын жанымыз.
Қуанышпен келсін,
Жаңа жылымыз.

Жұлдыз

Келді міне жаңа жыл.
Қарсы арайық бәріміз,
Күліп ойнап, би билеп.
Ән салайық бәріміз.

Ән: Маленькой елочке елочке холодно зимой

Айтұмар

Шыршамызда керемет,
Ойыншықтар тағылған.
Алыс жақтан келіп тұр,
Аяз ата сағынған.

Ахмади

Ал балалар билейік,
Ойнайықта күлейік.
Аяз ата қуантып

Тақпақ айтып берейік.

Томарис

Жаңа жылға сәніміз

Біздің айтар әніміз.

Келдіңбе аман алыстан

Сәлем Аяз атамыз.

Би: Шырша биі

Асылым

Жаңа жыл, жаңа жыл,

Сені күттім елендеп.

Өзіңменен ілесіп,

Аяз ата келер деп.

Ақбілек

Той мереке салтанат,

Думандатты шартарап.

Келді міне жаңа жыл,

Тартуларын арқалап.

Хансұлтан

Жаңа жылмен, жаңа жылмен.

Құттықтаймыз әрине.

Әкемізді, анамызды,

Қонақтардың бәрінде.

Ата-аналармен ойын.

Би: Жаңа жылдық КӨҢІЛДІ БИ

Адина

Аяз келді қаһарлы,
Айналаны қар жапты.
Ақ тон киіп орман тұр,
Дәл атамдай салмақты.

Ж Әдемай

Кезектесіп балалар,
Тақпақ айтып бәріміз.
Сұрақ қойса ақшақар,
Ойланып жауап береміз.

Ханшайым

Аралайды бақшаны,
Үзілмейді жақсы әні.
Гүлденеді бақшалар,
Жауса жаусын Ақшақар.

Ажар

Кел билейік бәріміз.
Деймін тартып жеңінен
Еріп кетсе Ақшақар,
Адамдардың демімен

Ән: Шырша жыры

Тәрбиеші: Ал енді балалар Аяз ата мен Қарша қызды ортаға алып

Тәрбиеші: Аяз ата Қарша қыз балаларға беретін

сыйлықты ұмытпадыңыздарма?

Аяз ата сыйлықтарын таратады.

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар, қонақтар осымен жаңа жыл мерекесіне

Арналған «Ғажайып жаңа жыл» ертеңгілігіміз аяқталды.

Тәрбиеші: Сіздерді Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Жаңа жылда жағымды жаңалықтар мен телегей табыс

мол болсын. Әрбір игі істермен жаңа бастамаларыңызға

сәттілік серік болып, отбасыларыңызға баянды бақыт пен

береке келсін.

